

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1996>***Г. С. Мусинова¹, Г. Б. Кожамметова², М. Каваклы³**^{1,2,3}«Alikhon Bokeikhan University» ББМ,

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0567-3787>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8346-3996>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9092-0916>*e-mail: g.musinova@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРС: ДЕРБЕС ПОЭТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Мақалада қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурс жан-жақты қарастырылған. Қазақ әдебиетінде адам мен табиғат арасындағы үйлесім өзекті тақырып ретінде көркем шығармадағы негізгі арна саналады. Мақаланың мақсаты – қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурстың берілуі, негізгі идеялық мәнді анықтау. Осыған сәйкес поэма, проза жанрындағы туындылар талданып, мазмұндық ерекшеліктері айқындалған. Ұлттық әдебиетімізде экологиялық дискурстың сомдалуы жанрға сәйкес түрлі сипатта көрінеді. Поэма жанрында адам мен табиғат арасындағы үйлесімдіктің бұзылуы эпикалық түрде беріледі. Проза жанрында экожүйенің сарқылған болмысы, экологиялық зардаптың салдары бейнеленген. Осылайша мақаланың құндылығы – қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурстың берілуіндегі авторлық интерпретацияны, ұлттық танымды айқындай түседі.

Қазақ әдебиетінде экологиялық дискурс эпикалық баяндаудан бастап, мистикалық, фольклорлық мотивтер, постколониалды әдебиет, тақырыптық-мазмұндық арналар сынды аспектілерде көрініс табады. Дегенмен экологиялық дискурс арқылы анықталған экологиялық апаттар ұлттық, философиялық таныммен астасып дербес поэтикалық туындылардың қатарын толықтырды. Экологиялық қасіреттің қазақ әдебиетінде берілуі авторлық интерпретациямен анықталатын көркемдік шешіммен жүзеге асқан. Осыған сәйкес зерттеу нәтижесінде экологиялық дискурс қазақ әдебиетінде ұлттық трагедия деңгейінде терең философиялық мәнге ие екенін анықтаймыз.

Кілтті сөздер: экологиялық дискурс, постколониалды әдебиет, табиғат, экосын, поэтика.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде экология тақырыбының берілуі жанрына қарамастан автордың азаматтық ұстанымын, қоғамның өзекті мәселелерін берудегі батылдығын көрсетеді. Зерттеуімізде қазақ әдебиетіндегі поэма, фантастикалық проза жанрларындағы экология мәселесінің берілуіне назар аударамыз.

Ұлттық әдебиетімізде поэма экологиялық қасіреттің эпикалық түрде берілуінің тарихи жады негізінде жүзеге асқан жанр түрі саналады. Көркем мәтіндегі ұлттық тұғырлар, түпнегіздер, дәстүрлі поэтикалық арналар жаңа дәуірдегі мазмұнға, эпикалық баяндауға әсер етті. Тәуелсіздік кезең әдебиеті қазақ сөз өнерінің даму тарихында жаңа шығармашылық дәуірді жаңашыл дәстүрмен, дербес поэтикалық туындылармен толықтырды. «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы ұлттық болмыстың түп қайнарларын сезінудегі көркемдік тапқырлығымен, сыршыл саздарымен, әлеуметтік өткірлігімен ерекшеленеді» [1, 47], – деген пікір арқылы зерттеушілер Қ.Қ. Мәдібай, Е.М. Солтанаева тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясында жаңа көркемдік арналардың қалыптасқанын айқындайды. Осы тұста бір топ қаламгер қазақ әдебиетінде экология тақырыбына қалам тербеп, қоғамдағы экологиялық мәселенің әлеуметтік, рухани аспектісін шығармасының өзегі етті. Көркем туындыда экологиялық мәселелердің қарастырылуы жалпыадамзаттық құндылықтардың бір өзекті арнасы екенін көрсетеді [2, 334]. Осыған сәйкес мақалада экологиялық дискурс жан-жақты қарастырылады.

Материалдар мен әдістері

Мақалада қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурсты талдау барысында салыстыру, сипаттау, интерпретациялық талдау әдістерімен қатар, экосын, дискурстық, нарративті талдау әдістері жүзеге асқан. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, қазақ әдебиетіндегі өзекті тақырыптардың бір тобын экология тақырыбына қатысты шығармалар құрайтыны анықталды. Зерттеу материалы ретінде экосын талдау әдісі аясында Ж.Әбдіраштың «Сор топырақ» поэмасы, «Аралым – арманым» өлеңі, Қ. Түменбай «Періште» әңгімесі, А. Мархабаев «Роберт құмар аралға», С. Исаков «Залымдар» ғылыми-фантастикалық жанрдағы шығармалары алынды.

Нәтижелер және талқылау

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэмасын зерттеген А. Қалиасқарова мынадай пікір білдіреді: «...Тәуелсіздік жылдарында да қазақ поэмаларында қазақ қоғамының ең өзекті, көкейтесті мәселелердің көркем суретке айналғаны байқалады» [3, 312]. Осылайша қазақ поэмасында қоғамның өзекті мәселелері қалыс қалмай, автордың шығармашылық әлемінде орын алғанын

көреміз. Осы тұста Ж.Әбдіраштың шығармашылығына назар аударсақ. Поэма басталуында өзіндік ізденістің, жаңашылдық лебі еседі. Үш бөлімнен тұратын трагедиялық поэма түс көруден басталады. Поэмада әр шумақтың басындағы қайталау арқылы оқиғадағы түсті шынайы әрі Арал мәселесінің қасіретті екенін әсер ету мақсатында психологиялық реңк беріп тұр.

Түсін, балам,
Мені де түсін, балам,
Сыртым шуақ болғанмен,
Ішім – боран... [4, 58].

Поэмадағы үш бөлімде үш түрлі мәселе көтерілген. Бірінші бөлімде автордың өз ауылынан жырақтап кеткен болмысы мына жолдардан көрінеді:

Анам байғұс иіскеп маңдайымнан,
Әлденелер сұрауда мән-жайыңнан:
«Жиі-жиі осылай келіп тұрсаң,

кетпеймін бе айналып сендей ұлдан» [4, 59], – деп бала мен ата-ана арасындағы қатынас қала тірлігіне тән суықтық, салқындық автордың болмысында сомдалған. Екінші бөлімде Арал тағдырына деген алаңдаушылық айқын көрінеді:

Тайғаны ма Аралдың бағы мәңгі,
Жүз ойланып жүргенде, мың толғанып,
Табынында тек қана қағы қалды [4, 62].

Поэмада аталатын «сор топырақ» Арал қасіретін суреттеу метафорасы тәрізді. Шығармада берілгендей, түсінде сор топырақ жеу – Аралдың қасіретін, зауалын жеткізудегі авторлық интерпретация. Сонымен бірге Жер-ананың тозуы астарлы мәнде беріліп отыр. Автор тарапынан Арал қасіретінің себебі мынада:

«...Тулап туған құлынын шыңғыртуда,
тулақ қылған тұлпарын қысыр заман...».
«...Тіл қата алмай мақаулық етсем екен,

тыңдата алмай шындықты – күшім қараң!» [4, 63], – деу арқылы теңіздің қадірін білмеген заманға лағынет жаудырып жатқандай.

Фольклор мәтіндерінде жиі кездесетін «түс көру» мотиві көркемдік қызмет атқарады. Туындыдағы негізгі ойды қуаттай түсуде түстің мистикалық, мифологиялық қызметтері де бар. Автор Ж.Әбдіраш поэмасында түстің мистикалық қызметін қолдану арқылы Аралдың сұр болмысын, тартылып, жер бетіне жойыла бастауына назар аударады.

«Аралым – арманым» арнау өлеңінде автор туған жерін қасиетін, киесін жырға қосып, оның таусылып бара жатқан келбетін жоқтағандай тәрізді.

Жағаң қаңсып қалыпты,
Қайран, Аралым,

Жырларыма шабытты

Қайдан аламын?

Атыңды тек ән қылып

Мақтан етемін.

Ал өзіңді мәңгілік

Жоқтап өтемін [4, 77], – дегенде эпикалық жоқтау үлгісіне келеді. Поэзия деңгейінде ақын Арал теңізінің жай өңір немесе мемлекеттік деңгейдегі қатер еместігін, әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе екенін атап көрсетеді. Әдебиет зерттеушісі Ш.Елеуенов Арал теңізі мәселесін Ә.Нұрпейісов «Соңғы парыз» диалогиясында адамзаттың Жер-анаға тым қатал қатынасымен байланыстырады [5, 531]. Осылайша Арал теңізі мәселесі поэзияда адамзаттың табиғатқа, Жер-анаға деген қатынасымен көрінеді.

Зерттеуші Г.Орда бастаған бір топ қаламгерлер қазақ прозасындағы экологиялық мәселенің енді бір тарабы қазақ жеріндегі уран өндірісімен байланыстырады [6, 80]. XX ғасырда Қазақстан аумағында жүргізілген ядролық сынақтар, ғарыш айлағынан зымырандардың ұшырылуы, Арал теңізінің тартылуы, ашық тәсілмен уран өндіру қоршаған ортаға ғана емес, адамзаттың өзіне де қатты әсер етті. Аталған тақырып қаламгер Қ.Түменбай шығармасында беріледі. Қ.Түменбайдың «Періште» әңгімесінде экология мәселесі Шерлі ауылындағы уран өндірісі арқылы жан-жақты көтерілген. «Бұл ел уран деген улы қазбаның үстінде отыр. Бір жылда Шерліде төрт сиам егізі, екі қазанбас, төрт үш аяқты бала өмірге келген. Осының бәрі – уран деген удың кесірі. Жер астында телегей-теңіз кислота деген сұйық жіберіп, уран шығарады. Сол кислота сіңген жердің суын сіздер ішіп отырсыздар» [7, 175], – дегеннен-ақ өңірдегі экологиялық ахуалдың ауқымы, зардабы көрініп отыр. Әңгімеде әкім, депутат сынды шенділердің қызмет үшін ғана өңірдің жағдайын жақсартуды көздеуі сынала суреттелген. Журналист-кейіпкер ауылдың экологиясының зардабының себебін уран өндірісінен көріп, амалын табуды көздейді. Алматыдан арнайы келіп отырған депутат ауылдағы уран өндірісін тоқтатуды қолға алатынын жеткізеді. Әңгімедегі уран өндірісінің табиғатқа әсері де аталады: «...Адам астамшылықтың шегіне жеткенде зілзала болып, ауа райы бұзылады дейді. Қарашы енді, жазда қырық градус аптап болатын жерде гүілдеп жел соғып, кеше ағаш басына қырау тұрды» [7, 178], – деп беріледі.

Әңгімедегі ең басты сюжеттік желі – әкім Бекшораның жеке бас трагедиясы. Шерлі ауылының бірнеше жыл әкімі бола отыра, ауылдағы екі басты сәбилер мен алты аяқты лақтың туылғанын білсе де үнсіз қала берді. Ондағысы уран өндірісінен түсетін табыстың буы болса керек. Депутаттық сайлауға түсіп жатқан үміткер ауылға келіп, тұрғындармен кездескенде жары Қайырниса перзентханада жатқан. Екі қыздан соң ұлдан дәмелі Бекшораның өз ұрпағына жасаған қатыгездігі жаратылысы бөлек «ұлы» туылғанда анық көрсетеді. Автор

осы сәтті өте ұтымды пайдаланады. Экологиялық мәселенің артында адамның ашкөздігі жатқанын Бекшораның болмыс-бітімінен көрінеді. Қайырниса мен Бекшора арасындағы диалогтан экологиялық апаттың салдары ап-айқын берілген.

«... – Бұл не? – деді әйеліне.

– Бұл – арлан. Өзің жасаған арлан.

... – Бұл не? – деді тағы да күйеуі.

– Бұл – сенің перзентің. Алты аяқ лақ, жабысып туған бала, енді міне, арлан. Байқоңырдан адам ұшырып, ауылда арлан асыраймыз» [7, 181], – дегенде Бекшораның әуелден армандап күткен мұрагері – қасқыр басты, екі аяқты адам-перзент. Бұндай символдаудың астарында Бекшораның ашкөз болмысы, ауыл тұрғындарының обалынан тартқан зардабы жатыр. Қазақ әдебиетінде А.Алтай «Киллер-сауысқан» әңгімесінде көзсіз туылған сәби қара шалдың жануарларды сауысқанмен аулап, обалына қалуының нәтижесі болды. Алайда әңгімеде ертеңге деген сенім, үміт ота жасалуынан көрініс тапқан еді. А.Алтай әңгімесін ертеңге деген сеніммен аяқтайды. Ал Қ. Түменбай болса әңгімесін трагедиямен бітіреді. Періште қалпында ажал құшқан сәби-арлан, одан бөлек жаратылысы бөлек туылған сәбилер бейнесі – экологиялық апаттың зардабын нанымды жеткізудің тәсілі.

Қаламгер «Періште» әңгімесінде адамзаттың ашкөздігі, тойымсыздығы салдарынан дүниеге келген сәбилер, ерте шашынан айырылған ауыл тұрғындары арқылы экологиялық мәселеге бейжай қарамауға шақырады. Сонымен бірге әкім, депутат сынды шенділердің іс-әрекеттерін сынауы Бекшора, қаладан келген депутат образдарынан анық көрінеді. Осылайша туындыдағы негізгі экологиялық зауалдың себебі тек қана уран өндірісі және ондағы қышқылдың әсері емес, соны жүргізіп отырған әкім мен кәсіпкердің ашкөздігі екені белгілі болады. Автордың «мені» журналист образында жүзеге асып, ауылдағы мәселені шешуге талпынысынан көрінеді. Әңгімедегі негізгі тақырып Шерлі ауылындағы уран өндірісіне қатысты экологиялық мәселе, сонымен қатар оның негізінде адамның ашкөздігі жатқанын нанымды суреттейді. Уран өндірісінен түсетін пайда, табыс Бекшораның көзін байлап тастағаны сонша, өзінің туған баласына мейірімі түспейді. Арлан тұрпатты баласын оңай өлімге қия салғаны болмысының қаттылығын, өз әрекетінің салдарын толық түсінбеген адами қалпын танытады. Қорытындылай келе, қаламгер Қ.Түменбай қоғамдағы экологиялық маңызына тоқталып, оның негізінде жатқан мәселенің тап басып таба білгенін көреміз.

Қазақ әдебиетінде кенжелеп дамып келе жатқан жанрлардың бірі – ғылыми фантастика. Фэнтези жанры ұқсас болғанымен, ғылыми фантастика әлемді ғылыми аспекті түсіндіруге талпыныс жасайды [8, 166]. Ғ.Досқенов ғылыми фантастиканың мынадай белгілерін ажыратады: 1) ғылыми-техникалық

даму, алыс болашақты болжау; 2) Утопиялық немесе антиутопиялық сипатта жазылады; 3) Ғылыми-техникалық сипатта дамыған кезеңдегі адамзаттың тұрмысы, бір-бірімен қатынасы жайлы мәселелер [9, 76]. Қазақ әдебиетінде ғылыми фантастика А. Машанов шығармашылығымен бастау алып, Т. Сұлтанбеков, Р. Баймаханов, Ж. Сахиев және т.б. шығармаларында көрініс тапты. Ғылыми фантастика жанрындағы шығармалардың көбісі роботтар

А. Мархабаевтың «Шортан планетасы, сен кінәлісің» жинағына енген «Роберт құмар аралға» деген шығармасы – ғылыми фантастиканың нағыз үлгісі. Туынды Вашингтонды суреттеумен басталып, Арал теңізіне ауысады. «Суқала» құрылыс жобасы Арал теңізінің түбіндегі тіршілік иелеріне арнап салынған фермаларды құрайды. Шығармадағы ғылыми фантастиканың айқын көрінісі телефон арқылы сөйлескенде ар жағындағы адамның бейнесінің көрінуі, ой жазғыш дулыға, адам тәрізді робот арқылы жүзеге асқан.

«...Құрлықтан қайыр қалған жоқ. Ауа Байқоңыр зымырандарынан уланып бітті. Мал шаруашылығы тұйыққа тірелді. Егіншіліктің берері аз» [10, 8], – деген жолдар көркем прозадағы экологиялық мәселелердің берілуіндегі Жер бетіндегі сарқылған экожүйені көрсетеді.

Шығармадағы негізгі сюжеттік желі профессор Клеменстің немересі Бобты жоғалтуымен байланысты. Бұған себеп – Арал теңізі түбінен табылған су астында дыбыс өткізбейтін тастың қасиетін, табиғи ерекшелігін айқындауы болып отыр. Немересі Бобты жоғалтқан соң, екі түрлі мақсатта қоңырау соғылады. Бірі Бобтың аман-есендігін айтып, сол үшін белгілі көлемдегі ақша әкелуін сұраса, енді бірі ауруханада жатқанын хабарлайды. Атасы немересінің нендей күйде екенін білмей аласұрып, ауруханаға беттейді. Немересін көрген сәті шынайы суреттелген: «Бобби шалқасынан жатыр. Ұйқыда. Әр демалған сайын кішкентай танауының етегі желп-желп етеді. Төбесінде шамалы жаракат бар сияқты. Бет-аузы сол баяғы қалпы. Қолдарын көрпенің сыртына жіберіпті: жараның із-түзі білінбейді» [10, 22], – деп жол апатына түсті деген немересінің тыныш ұйқысын көрген атасынан әлемде бақытты жан жоқ. Немересін өзімен ертіп, Қазақстанға аттанып, өзінің маңызды ісі Арал теңізі жайлы зерттеуін жалғастырады. Шығармада Арал теңізі мәселесін беруде көркемдік қиял маңызды рөл атқарады. Сөйтсек, Арал теңізінің түбінде бұрынғы өркениеттердің ізі болғаны, тіпті Дель-фин планетасынан келген сахабалардың өз мекендеріне қайта алмай, тірлік еткені белгілі болады. Бұндай қиял Арал теңізінің түбінде адам баласы естімеген қазба байлық бар деген сенімді ұялатады. Оны тіпті америкалық зерттеушілер позитроний супербомбасын жасауға Қазақстанның жасап жатқанына күдіктенеді. Осы мақсатта профессор Клеменстің немересін ұрлап, орнына Р-2 роботымен ауыстырады. Осылайша арнайы «миссиямен» Арал теңізіне келген роботтың денесіндегі әр бөлшектің өз қызметі бар: «...Мына аузындағы темір тістердің де не екенін білесіз бе? Микрохабарлағыш.

Ал төбесіндегі теріні тіккен сым ше? Оны да білмейсіз. Антенна. Осымен робот Қазақстанға келгелі үш рет ауылына хабар берді» [10, 33], – деп беріледі. Шығарма соңында еліне оралған профессор үйінде немересін көріп, мәре-сәре қуанады. Осылайша туынды атасы мен немересінің қауышуымен аяқталады.

А. Мархабаев шығармасында Ж. Верн, А. Беляев және өзге де қаламгерлер тәрізді адамзаттың алыс болашақтағы ғылыми-техникалық дамуына болжам жасап, роботтардың адам тәрізді сипатта жасалуы, телефон ар жағындағы адамның бейнесінің көрінуі сынды элементтер кездеседі. Дегенмен туындыда Арал теңізінің экологиялық мәселеге айналуы адамзаттың ғылыми әрі техникалық прогресімен байланысты. «Бетіне қарасаң ғой, осы теңіз түк сыр бермейді. Ал түбін қазса» [10, 31], – деген үзінді ғылыми-техникалық дамудың салдары теңіздің сарқылуына әсер еткенін жеткізеді.

Қазақ әдебиетінде ғылыми фантастика жанрында жазатын қаламгерлердің бірі де бірегейі С.Исақов «Залымдар» романында Арал теңізін қалпына келтірудің амалын іздейді. «Алтылықтар» деп аталатын жасырын ұйымның зерттеу жүргізуі шығармаға астыртын мән береді. Профессор Заңғар магниттік өрістердің пайдасына назар аударып, ол арқылы Солтүстік Мұзды мұхиттың мұзын ерітіп, жер шарындағы сусыз жерлерге беруге болатынын айтады. Осы арқылы Арал теңізін бір-екі айда толтырудың ғылыми тәсілі магниттік өрістер арқылы жүргізілмек. Автор былай дейді. «Мына өзіміздің Арал теңізі тартылып, табаны қурап қалды емес пе? Ендігі Арал теңізін бір-екі айда толтырудың ғылыми тәсілі табылды. Мұнан өзге атом, сутегі бомбалары сыналып тоз-тозы шыққан жерлерді бастапқы қалпына келтіруге де болады» [11, 133], – деп ұсыныс білдіреді. Магниттік өрістерді пайдалана отырып, әлемдегі экологиялық мәселелерді шешетін климаттық қару жасау арманы ақырында жүзеге аспай, тіпті зардабы қатты жарылыстар, күшті құйындардың бүтіндей бір аралды жер бетінен жойып жіберуі сынды адам айтса нанғысыз құбылыстар түрінде орын алады. Ақырында климаттық қару дайындайтын Толь Артемос бастаған ғалымдар қатаң өлім жазасына кесілді.

Зерттеуші Д. Шарипова Ә. Нұрпейісов шығармаларындағы экологиялық дискурсты деколонизация аспектісінде қарастырады [12, 301]. Постколониалды экокритика арқылы Ә. Нұрпейісов қазақ әдебиетіндегі қоршаған ортаның отарлануын Арал трагедиясы негізінде береді. Дей тұрғанмен кейбір зерттеушілер постколониалды әдебиеттің қалыптасуы тәуелсіздік алған соң десе, бұған N. Caffee O. Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер, енді» деген поэмасын талдау арқылы қарсылық білдіреді [13, 112]. Бұдан қазақ әдебиетінде постколониалды дискурстың қалыптасуы түрлі формада көрініс тапқанын анықтаймыз.

Қазақ әдебиетінде экология тақырыбын қарастыра келіп, поэмада бейнеленуі адамзаттық, өркениеттік мәселе аясында көрінеді. Ж. Әбдіраштың шығармашылық

әлемінде Арал теңізінің тартылуы терең философиялық сипатқа ие. «Сор топырақ» поэмасында экологиялық апат табиғат пен адам арасындағы үйлесімділіктің бұзылуымен, сонымен қатар Жер-ананың тозуымен беріледі. Поэмадағы «сор топырақ жеу» символды түрде теңіздің тартылуын ғана емес, экологиялық апаттың адам санасына, ұлттық жадына ауыр салмақ салғанының нәтижесі. «Аралым – арманым» арнауында экологиялық ойлаудың экокритикалық сипат алып, әлемдік экологиялық апаттың бір бөлшегі деген пайымдау жасалған. Осылайша Ж.Әбдіраш шығармашылығында Арал теңізінің тартылуы адамзаттың Жер-анаға қатыгездік танытуының нәтижесі ретінде көрінеді.

Қазақ әдебиетінде экологиялық апаттың салдары дүниеге мутант-жаратылыстың келуімен беріледі. Бұндай үлгі Қ.Түменбайдың «Періште» әңгімесінде анық көрінеді. Шерлі ауданындағы ашық әдіспен алынатын уран өндірісі жергілікті халыққа әбден зиянын тигізсе де, Бекшораның ашкөздігі, дүниеге тойымсыздығы сыналады. Ауылда мутант-сәбилердің жарыққа дүниеге келуін ескермей жүрген Бекшораның өз шаңырағында өзі көптен күткен мұрагер-арланы туылады. Алайда бұл да оның ашкөздігін тоқтата алмайды.

Сарқылған экожүйе ғылыми-фантастика жанрында жазылған А.Мархабаев «Роберт құмар аралға», С.Исақов «Залымдар» шығармаларында анық көрініп, Арал теңізінің тартылған жайы, тіпті оны қалпына келтіру жолдары да қарастырылады. Алайда табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуы адамзат әсерінен екені, аталған жанрда асқан шеберлікпен көрініс тапқан.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP22686946 «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)» жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурс жанрына қарамастан авторлық интерпретацияға, азаматтық ұстанымына негізделеді. Автордың шығармашылық әлемінде экология тақырыбы көркемдік таныммен үйлесіп, ұлттық философиялық, постколониялық, экокритикалық деңгейде суреттеледі. Осы негізде ұлттық әдебиетіміздегі маңызды арналардың қалыптасып, экологиялық дискурсқа қосқан маңызды үлесі деп білеміз.

Ж. Әбдіраш, Қ. Түменбай, А. Мархабаев, С. Исақов шығармашылығындағы экологиялық дискурстың берілуін мынадай тақырыпта топтаймыз: адам мен табиғат арасындағы үйлесімдіктің бұзылуы, мутант-жаратылыс, сарқылған экожүйе. Осы негізде қазақ әдебиетіндегі экологиялық дискурстың берілуі өзіндік ерекшелікке ие екенін айқындай түсеміз. Қорытындылай келе, экологиялық дискурс – бүгінгі қазақ әдебиетіндегі маңызды арналардың бірі, әлі де терең зерттеуді қажет ететін сала.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Мәдібай, Қ. Қ., Солтанаева, Е. М.** Қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік арналары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – № 4-5. – 2014. – Б. 46–50.
- 2 **Мусинова, Г. С., Төлебаева, Қ. Т., Қожахметова, Г. Б.** Адам мен табиғат байланысы: Семей полигоны // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 2. – 2025. – Б. 331-342. – <https://doi.org/10.48081/UNFQ9326>
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. – Алматы : ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. – 528-б.
- 4 **Әбдіраш, Ж.** Құлпытас. – Алматы: «Мер-Press» баспасы, 2017. – 288-б.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 9-том. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2005. – 998-б.
- 6 **Orda, G., Sarsenbayeva, Zh., Sultangaliyeva, R., Abilkhaiyrov, N., Mekebayeva, L.** The nature and human ecology in modern kazakh literature // *Utopia y Praxis Latinoamericana*. – № 5. – Т. 24. – 2019. – P. 79–89.
- 7 **Түменбай, Қ.** Қобыздың мұңы. Хикаяттар мен әңгімелер. – Астана : Фолиант, 2008. – 360-б.
- 8 **Демесинова, А. А.** Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу тәркіні мен түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №2. – 2023. – Б. 165–171. – <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171>
- 9 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы : «Ана тілі», 1996. – 240-б.
- 10 **Мархабаев, А.** Шортан планетасы, сен кінәлісің. Фантастикалық хикаяттар. – Астана : Фолиант, 2008. – 456-б.
- 11 **Исақов, С.** Залымдар : Ғылыми-фантастикалық роман. – Шымкент, 2022. – 224-б.
- 12 **Sharipova, D.** The Decolonization of the Environment in Kazakhstan: The Novel Final Respects by Abdi-Jamil Nurpeisov // *Nationalities Papers*. – Vol. 47. – 2019. – P. 296–309. – <https://doi.org/10.1017/nps.2018.24>
- 13 **Caffee, N.** Between First, Second, and Third Worlds: Olzhas Suleimenov and Soviet Postcolonialism // *Russian Literature*. – Vol. 111–112. – 2020. – P. 91–118. – <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2020.03.004>

REFERENCES

- 1 **Madybayeva, K.K., Soltanaeva, E.M.** Kazirgi kazak poeziasyndagy korkemdik arnalar [The artistic search of modern Kazakh poetry] [Text] // *KazNU Bulletin. Philology series*. – № 4-5. – 2014. – P. 46–50 (in Kazakh)
- 2 **Mussinova, G.S., Tulebayeva, K.T., Kozhakhmetova, G.B.** Adam men tabigat bailanysy [The connection between human and nature: Semipalatinsk test

site] [Text] // Bulletin of Toraighyrov University. Philology series. – № 2. – 2025. – P. 331–342. – <https://doi.org/10.48081/UNFQ9326> (in Kazakh)

3 Kazak adebiyetinin tarihy. On tomdyk. 10-tom [History of Kazakh Literature. In Ten Volumes. Vol. 10] [Text]. – Almaty : QAZaqqarat, 2006. – 528 p. (in Kazakh)

4 **Abdirash, Zh.** Kulpytas [Qulpytas] [Text]. – Almaty : Mer-Press, 2017. – 288 p. (in Kazakh)

5 Kazak adebiyetinin tarihy. On tomdyk. 9-tom [History of Kazakh Literature. In Ten Volumes. Vol. 9] [Text]. – Almaty : QAZaqqarat, 2005. – 998 p. (in Kazakh)

6 **Orda, G., Sarsenbayeva, Zh., Sultangaliyeva, R., Abilkhaiyrov, N., Mekebayeva, L.** The nature and human ecology in modern kazakh literature // Utopía y Praxis Latinoamericana. – № 5. – T. 24. – 2019. – P. 79–89. (in English)

7 **Tumenbai, K.** Kobyzdyn muny. Hikayattar men angimeler [The Sorrow of the Kobyz. Novellas and Short Stories] [Text]. – Astana : Foliant, 2008. – 360 p. (in Kazakh)

8 **Demessinova, A.A.** Korkem adebiyettegi fentezi zhanrynyn shygu torkini men turleri [The origins and types of fantasy genre in fiction] [Text] // Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Philology series. – № 2. – 2023. – P. 165–171. – <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171> (in Kazakh)

9 Adebiyettanu terminderinin sozdigi [Dictionary of Literary Terms] [Text]. – Almaty : «Ana tili», 1996. – 240 p. (in Kazakh)

10 **Markhabayev, A.** Sholpan planetasy, sen kinalisin. Fantastikalyk hikayattar [Planet Shortan, You Are Guilty. Fantastic Stories] [Text]. – Astana : Foliant, 2008. – 456 p. (in Kazakh)

11 **Issakov, S.** Zalymdar: Gylymi-fantastikalyk roman [The Tyrants: A Science-Fiction Novel.] [Text]. – Shymkent, 2022. – 224 p. (in Kazakh)

12 **Sharipova, D.** The Decolonization of the Environment in Kazakhstan: The Novel Final Respects by Abdi-Jamil Nurpeisov // Nationalities Papers. – Vol. 47. – 2019. – P. 296–309 <https://doi.org/10.1017/nps.2018.24> (in English)

13 **Caffee, N.** Between First, Second, and Third Worlds: Olzhas Suleimenov and Soviet Postcolonialism // Russian Literature. – Vol. 111–112. – 2020. P. 91–118. – <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2020.03.004> (in English)

27.12.25 ж. баспаға түсті.

03.02.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. С. Мусинова¹, Г. Б. Кожажметова², М. Каваклы³

^{1,2,3}«Alikhan Bokeikhan University» ББМ,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 27.12.25.

Поступило с исправлениями 03.02.25.

Принято в печать 21.05.26.

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ: ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ ПОЭТИЧЕСКИЕ ПОИСКИ

В статье всесторонне рассматривается экологический дискурс в казахской литературе. В казахской литературе гармония между человеком и природой рассматривается как актуальная тема и является основной линией художественного произведения. Цель статьи – определить передачу экологического дискурса и его основное идейное значение в казахской литературе. В соответствии с этим анализируются произведения в жанре поэмы и прозы, выявляются их содержательные особенности. Формирование экологического дискурса в национальной литературе проявляется в различных формах в зависимости от жанра. В жанре поэмы нарушение гармонии между человеком и природой передается эпическим способом. В жанре прозы отражается истощение экосистемы и последствия экологических катастроф. Таким образом, ценность статьи заключается в том, что она выявляет авторскую интерпретацию экологического дискурса и национальное осмысление.

Экологический дискурс в казахской литературе проявляется в эпическом повествовании, мистических и фольклорных мотивах, постколониальной литературе, тематико-содержательных каналах. При этом выявленные через экологический дискурс экологические катастрофы переплетаются с национальным и философским осмыслением, пополняя ряд самостоятельных поэтических произведений. Передача экологической трагедии в казахской литературе осуществляется с помощью художественного решения, определяемого авторской интерпретацией. Согласно результатам исследования, экологический дискурс в казахской литературе имеет глубокое философское значение на уровне национальной трагедии.

Ключевые слова: экологический дискурс, постколониальная литература, природа, экокритика, поэтика.

*G. S. Mussinova¹, G. B. Kozhakhmetova², M. Kavakli³

^{1,2,3}Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 27.12.25.

Received in revised form 03.02.25.

Accepted for publication 21.05.26.

ECOLOGICAL DISCOURSE IN KAZAKH LITERATURE: INDIVIDUAL POETIC EXPLORATIONS

The article provides a comprehensive analysis of ecological discourse in Kazakh literature. In Kazakh literature, the harmony between humans and nature is considered a relevant topic and constitutes a central theme in literary works. The purpose of the article is to examine the representation of ecological discourse and its core ideological significance. Accordingly, works in the genres of poetry and prose are analyzed, and their content-specific features are identified. The formation of ecological discourse in national literature manifests differently depending on the genre. In poetry, the disruption of harmony between humans and nature is conveyed epically. In prose, the exhaustion of ecosystems and the consequences of environmental disasters are depicted. Thus, the article's value lies in revealing the authorial interpretation of ecological discourse and national understanding.

Ecological discourse in Kazakh literature is expressed through epic narration, mystical and folkloric motifs, postcolonial literature, and thematic-content channels. Moreover, environmental catastrophes revealed through ecological discourse intertwine with national and philosophical reflection, enriching the corpus of independent poetic works. The depiction of ecological tragedy in Kazakh literature is realized through artistic solutions defined by authorial interpretation. Based on the research results, ecological discourse in Kazakh literature possesses profound philosophical significance at the level of national tragedy.

Keywords: ecological discourse, postcolonial literature, nature, ecocriticism, poetics.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz